Cookie файлдарын пайдалану саясаты

Соңғы рет 2023 жылы 5 желтоқсанда жаңартылды.

https://flyarystan.com веб-сайтын немесе біздің мобильді қолданбамызды пайдалана отырып, сіз пайдаланушы тәжірибесін жақсарту мақсатында құрылғыңызда cookie файлдарын орналастыруымызға, оларды қолдануымызға, сондай-ақ веб-сайт пен мобильді қолданбаны пайдалануыңыз туралы деректерді өзге де әдістер арқылы жинауымызға келісім бересіз.

1. Cookie дегеніміз не?

Cookie – бұл веб-сайтқа кіргенде немесе мобильді қолданбаны пайдаланғанда сіздің компьютеріңізге немесе мобильді құрылғыңызға орналастырылатын шағын деректер файлы. Ол веб-сайттың тиісті түрде жұмыс істеуіне мүмкіндік береді, сондай-ақ сіз үшін веб-сайт пен мобильді қолданбаны пайдалануды жеңілдетеді.

Мысалы, біздің cookie файлдарымыз сіз таңдаған тіл мен елді есте сақтайды, сондықтан сіз сайтқа әр кірген сайын осы ақпаратты қайта таңдап толтырмайсыз: https://flyarystan.com/

2. Біз қолданатын cookie файлдар және оларды пайдалану себептеріміз.

«FlyArystan» АҚ өзінің веб-сайтында және мобильді қолданбасында cookie файлдарының мына түрлерін пайдаланады:

Техникалық
Веб-сайтымыз бен мобильді қолданбамыздың үздіксіз әрі тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ:

- сізге тұрақты әрі сенімді қызмет көрсету үшін веб-сайт трафигінің тепе-теңдігі сақталады;
- өнімділік деңгейін сақтау үшін веб-сайттың негізгі бөліктеріне трафик шектеледі;
- біздің құпиялылық саясатымыз, cookie саясаты және веб-сайтымызды пайдалану шарттарына қатысты сіз берген келісім де сақталады.

Қолданудағы ыңғайлылық
Веб-сайтымыз бен мобильді қолданбамыз навигацияны жеңілдету үшін сіз іздеген рейстер параметрлерін есте сақтайды.

Бақылау
Веб-сайт пен мобильді қолданбамызды қалай пайдаланатыныңыз, қай парақшаларды қарайтыныңыз және транзакцияны қалай орындайтыныңыз туралы статистика жинау үшін:

- сауалнама арқылы сіздің пікіріңіз сұралады; сондай-ақ

- веб-сайтымызды пайдалануды одан әрі ыңғайлы ету мақсатында сіздің оны қалай пайдаланатыныңыз, қай парақшаларды қарайтыныңыз және транзакцияны қалай орындайтыныңыз туралы ақпарат алынады.

Маркетинг
Сізге қажетті хабарламаларды жіберу үшін, яғни:

- маркетингтік мақсаттар негізінде біздің сайттың әртүрлі форматтағы нұсқаларын көрсету;

- үшінші тараптарға тиісті жарнаманы көрсетуге және оның тиімділігін бақылауға рұқсат ету; сондай-ақ

- біздің веб-сайтымыз бен өзге де таңдаулы веб-сайттардағы әрекеттеріңіз негізінде сізге қызық болуы мүмкін өнім мен қызмет ұсынатын тиісті хабарламаларды көрсету.

3. Cookie файлдары қандай жеке ақпаратты жинайды?

Cookie файлдары әртүрлі дербес деректерді сақтайды, соның ішінде:

- **Сәйкестендіру деректері**: веб-сайтқа немесе мобильді қолданбаға кіру үшін қажетті пайдаланушының есімі немесе жеке профилі туралы ақпарат, т.б.
- **Байланыс ақпараты:** кейбір cookie файлдарында пайдаланушы ұсынған электрондық пошта мекенжайы сияқты байланыс деректері сақталады.
- **Құрылғы және оны пайдалану туралы ақпарат:** cookie файлдары пайдаланушы құрылғысы туралы, оның ішінде IP-мекенжай, құрылғы түрі, браузер, операциялық жүйе және орналасқан жері туралы ақпаратты жинайды. Сондай-ақ олар пайдаланушы сайтта қараған парақшаларды, сеанс ұзақтығын және сілтеме бойынша өту сияқты аспектілерді де бақылайды.
- **Жолаушы қалауы мен параметрлер:** cookie файлдары пайдаланушы таңдаған параметр мен оның қалауларын, мысалы, таңдаған тілін есте сақтайды.
- **Жарнамалық және маркетингтік деректер:** жолаушының қалауына сәйкес жарнаманы жіберу үшін cookie файлдары жарнамалық мазмұнды, яғни жолаушының қызығушылықтары туралы деректерді де жинайды.

4. Қандай cookie файлы пайдаланылатынын жолаушыға таңдауға бола ма?

Сіз біздің веб-сайтқа кірген кезде алдыңыздан қалқымалы ақпарат терезесі шығады. Сол жерде сіз өз қалауыңызға байланысты белгілі бір cookie файлын қоса аласыз және өшіруге де болады.

5. Cookie файлдарын істен шығаруға болады ма?

Интернет-браузер cookie файлдарының параметрін өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл параметрлер әдетте интернет-браузеріңіздің «Параметрлер» немесе «Баптаулар» мәзірінде орналасқан. Төмендегі сілтемелер арқылы осы параметрлер туралы толық

ақпарат алуға болады. Сондай-ақ толығырақ ақпарат алу үшін интернет-браузеріңіздегі «Анықтама» опциясын пайдалана аласыз.

- Cookie параметрлері: Internet Explorer
- Cookie параметрлері: Firefox
- Cookie параметрлері: Chrome
- Cookie параметрлері: Safari

Алайда, егер сіз барлық cookie файлдарын (веб-сайттың дұрыс жұмыс істеуі үшін қажеттілерін қоспағанда) бұғаттасаңыз, сіз толығымен сайтты немесе оның кейбір функцияларын қолдана алмауыңыз мүмкін.

Cookie файлдарын жою немесе бұғаттау туралы қосымша ақпарат мына веб-сайтта: http://www.aboutcookies.org/

6. Google Analytics, Facebook Pixel және Яндекс Метрика

Біздің сайт Google, Inc., Facebook және Yandex LLC компаниялары ұсынатын веб-талдау қызметтері – Google Analytics, Facebook Pixel және Яндекс Метриканы пайдаланады. Бұл қызметтер Сіздің www.flyarystan.com сайтын пайдалануыңызды бақылап, талдап және тиісті есептілікті жасау үшін cookie файлын қолданады (жоғарыдағы cookie саясатын қараңыз). Біздің Google Analytics жинаған IP-мекенжайлар анонимді. Қосымша ақпарат алу үшін Google, Facebook және Яндекс компанияларының құпиялылық саясатымен танысыңыз.

Google Analytics қызметін пайдаланудан бас тарту үшін төмендегі сілтеме арқылы өтіңіз: https://tools.google.com/dlpage/gaoptout?hl=ru

Яндекс Метрика қызметін пайдаланудан бас тарту үшін төмендегі сілтеме арқылы өтіңіз: https://yandex.ru/support/metrika/general/opt-out.html

Бас тарту функциясы cookie файлдарына негізделген, сондықтан сіз жаңа құрылғыны пайдаланғанда немесе браузердің cookie файлын жойған жағдайда бұл функцияны қайта орындауыңыз қажет болуы мүмкін.

Facebook Pixel туралы қосымша ақпарат алу үшін https://www.facebook.com/business/gdpr сайтына өтіңіз.

7. Cookie файлдарын пайдалану саясатына өзгерістер енгізу

Cookie файлдарын пайдалануға қатысты ақпарат нақты әрі өзекті болу үшін біз осы саясатқа өзгеріс енгізу құқығын өзімізге қалдырамыз. Өзгеріс енгізілген жағдайда, оның жаңартылған нұсқасын https://flyarystan.com/ веб-сайтында жариялаймыз.